

## **Бәйдібек ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 наурыздағы № 14/67 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 20 наурызда № 6484-13 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Бәйдібек аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бәйдібек ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшерін салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Мәслихат төрағасының міндетін уақытша атқарушы*

*Б. Кенжебаев*